

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Израиль Қазақстанның агроиндустриясына 1 миллиард долларға дейін қаржы салуға әзір.

Израиль қазақстандық агробизнесі қаржыландыру үшін 1 миллиард доллар бөлуге әзір. Инвестициялар ет-сүт, жеміс-көкөністі өнімдерді өңдеу; жылыжай шаруашылықтарын құру; заманауи қоймалар мен салқындату жүйелерінің құрылысы; суару жүйесін құру; аграрлық оқыту орталықтарын ашу; балық шаруашылықтарын құру; өндірілген өнімді шетел нарықтарына жеткізуді ұйымдастыру сияқты жобаларға бағытталатын болады.

Бұл туралы «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ мен израильдік «Polevoi Group» Агроконсорциумының өкілдерімен Астанада өткен кездесу барысында белгілі болды. Корпорация басшылығы израильдің қаржыландыру және ауыл шаруашылығы саласының мамандарымен ынтымақтастықтың бағыттарын талқылады.

«Polevoi Group» Агроконсорциумының өкілдері еліміздің ауыл шаруашылығына тиесілі барлық саладағы жобаларға ат салысуға дайын екендіктерін жеткізді. Израильдік тарап кәсіпорындарды бірігіп қаржыландыру үшін жобалық құнының 85 пайызға дейінгі көлемде ұзақмерзімді қарыздарды ұсынып отыр.

Басты бағыттардың бірі Қазақстандық аграрлық-өнеркәсіптік кешенге израильдің заманауи ауыл шаруашылығы жабдықтары мен технологиясын тарту болып табылады. Бұның барлығы қос тарап бірлесіп құрған кәсіпорындардың базасында жүзеге асады. Консорциум әлемнің жетекші өндірушілерімен бірлесіп Қазақстан аумағында ауыл шаруашылығы техникасының өндірісін жандандыруға дайын.

Өз кезегінде «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ өкілдері халықаралық ынтымақтастық үшін толықтай ашық екенін жеткізді. Израильдік делегация сапарының қорытындысы бойынша келісім бекіді. Құжат – ауыл шаруашылығындағы жобаларды ортақ қаржыландырудың талаптары мен кепілмен қамтамасыз етуін қамтиды.

Айта кеткен жөн, бұл кездесуге Премьер-министрдің орынбасары, ҚР ауыл шаруашылығы Министрі Асқар Мырзахметовтың 2017 жылдың 6 сәуіріндегі Израильге жасаған жұмыс сапары ұйытқы болды. Сапар барысында министр 2017 жылдың 31 қаңтарында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа жасаған Жолдауы туралы айтқан еді. Израильдік тарап Жолдауды мұқият зерттеп, экономиканың локомотиві ретінде Қазақстандағы ауыл шаруашылығы саласын дамыту бастамасына қызығушылығын танытқан болатын.

Анықтама үшін:

«Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ бәсекеге қабілетті ауыл кәсіпкерлігін дамытуды ынталандыратын қолжетімді несиелендіру жүйесін қалыптастыру бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асырып келеді.

Корпорация «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдинг компаниялар тобының құрамына кіріп, соның тікелей жетекшілік етуімен Қазақстанның барлық облыстарында орналасқан 13 филиал мен өкілдіктерінде өз қызметін жүзеге асыруда ауқымды жұмыстарды атқарып отыр.

«Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ-ның баспасөз қызметі

Нуриддин Бидосов, +7 707 693 77 23; bidossov.n@agrocredit.kz; nuriddin_bidos@inbox.ru
Эльдар Курманбаев, +7 707 555 91 03 Kurmanbayev.E@agrocredit.kz; eldaradle@gmail.com